

## 2024 жылғы қаңтар-шілдедегі резеңке және пластмасса өнімдері

2024 жылғы қаңтар-шілдеде резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру көлемі 229,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштен 7,9%-ға төмен.

Талданып отырған кезеңде резеңке және пластмасса бұйымдарының өндірісінде негізгі үлесті пластмасса тақталар, табақтар, құбырлар мен профильдер – 43,3%, құрылыс пластик бұйымдары – 19,6%, тауарларға арналған пластик қаптамалар – 16,1%, өзге де пластик бұйымдар – 13,1%, өзге де резеңке бұйымдар – 7,7% құрады.

Талданатын кезеңдегі нақты көлем индексі 97,9% құрады. Төмендеу себебі конвейерлік таспалар (-5,5%); құбырлар, түтіктер, резеңкеден жасалған құбыртүтіктер мен шлангілер (-8,8%); пластмассадан жасалған плиталар, парақтар, пленкалар, фольга және жолақтар (-8,9%) өндірісінің төмендеуі болып табылады.

2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда құндық мәнде резеңке және пластмасса өнімдерінің экспорт көлемі 47,1%-ға төмендеп, 108,2 млн. АҚШ долларын құрады. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі көлемі Ресейге (71,6%), Қырғызстанға (10,9%) және Өзбекстанға (8,6%) экспортталды.

Резеңке және пластмасса тауарларының импорты 1 157,3 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,7%-ға төмен. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі импорты Ресейден (32,2%), Қытайдан (32,1%) және Кореядан (3,6%) келді.

Резеңке және пластмасса бұйымдары нарығының көлемі 1 478,2 млн. АҚШ долларын (663,7 млрд. теңге) құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,6%-ға төмен. Өндірістің құндық мәнде төмендеуі байқалады, ОТӨ үлесі 21,7% құрады. Импорттық өнімнің үлесі 78,3% құрады.

Қаңтар-шілдеде резеңке және пластмасса бұйымдарын өндірудің ең көп көлемі мынадай өңірлерде байқалады: Алматы облысы (21,6%), Астана қаласы (16,1%), Алматы қаласы (12,1%), Қарағанды облысы (9,1%), Ақтөбе облысы (6%).

# РЕЗИНОВЫЕ И ПЛАСТМАССОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2024

**229,3**  
МЛРД ТГ



**97,9%**  
ИФО

- Производство пластмассовых плит, листов, труб и профилей
- Производство строительных пластмассовых изделий
- Производство пластмассовых упаковок для товаров
- Производство прочих пластмассовых изделий
- Производство резиновых изделий

**\$108,2**  
МЛН



**ЭКСПОРТ**

Импорт **78,3%**  
отп **21,7%**

**\$1 478**  
МЛН

**РЫНОК**

**\$1 157,3**  
МЛН



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июнь 2024 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛН ТЕНГЕ**